

**"АӨК мемлекеттік қолдау"  
бағытының  
"Ауыл шаруашылығындағы несиелеу бағдарламалары" тақырыбы бойынша  
өткізілген кеңестің  
Есебі**

**Өткізілген күні:**

«\_5\_» \_желтоқсан\_ 2023 жыл

**Кеңестің өткізілген орны:**

Алматы қ., Сатпаев көшесі 30 б, Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты  
"Бек Агро" АӨК

Эксперт: *Жұмашев* Жұмашева Сауле Тоқанқызы

«Қазақ агроөнеркәсіп кешені  
экономикасы және ауылдық аумақтарды  
дамыту ғылыми-зерттеу институты»



*Рустембаев*  
Рустембаев Б.Е.

## Есептің құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері:

Агроөнеркәсіптік кешендегі несиелеу бағдарламалары

2) қойылған проблеманы шешу бойынша сарапшының ұсыныстары немесе қызметті жақсарту бойынша кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңбері;

Кеңес барысында Агроөнеркәсіп кешеніндегі несиелеу бағдарламалары қарастырылып, жеңілдетілген несиелеу «КЕҢ ДАЛА» КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖӘНЕ ЕГІН ЖИНАУ ЖҰМЫСТАРЫН НЕСИЕЛЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ, «АГРОБИЗНЕС» НЕСИЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ «ІСКЕР» НЕСИЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ, ЖАСТАРДЫ ШАҒЫН НЕСИЕЛЕУ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның жастарды шағын несиелеу бағдарламасы туралы мәліметтер берілді.

Жастарды несиелеу бағдарламасын Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде іске асырады.

Аграрлық несие корпорация жастарға шағын несие беру бағдарламасы шеңберінде сенім білдірілген өкіл (агент) ретінде құжаттарды қабылдау, бизнес-жобаны бағалау, несие және кепіл туралы келісімдерді дайындау, несие сомасын қарыз алушыға беру, несиенің нысаналы пайдаланылуын тексеру, қарыз алушымен есеп айырысуды жүзеге асыру, қарыз алушыдан төлем қабылдау, мерзімі өткен берешекпен жұмыс және уәкілетті органдарға есеп беру әрекеттеріне жауапты.

Шағын несие 21 жастан 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Өтініш берген сәтте жастардың жеке кәсіпкер ретінде тіркелген уақыты 5 жылдан аспауы тиіс. Бағдарламаға жұмыс істейтін жастар да қатыса алады.

### Несиелеу шарттары:

- Несие сомасы: 5 млн теңгеге дейін
- Сыйақы мөлшерлемесі: жылдық 2,5%
- Несие мерзімі: мал шаруашылығын дамытуға – 7 жылға дейін; бизнестің басқа бағыттары үшін – 5 жылға дейін.
- Негізгі борыш пен сыйақыны өтеу кезінде шағын несие мерзімінің үштен біріне дейін жеңілдік кезең қарастырылған.

Несие кепіл мүлікпен қамтылуы міндетті. Кепіл ретінде жылжымалы (арнайы техника) және жылжымайтын мүлік қабылданады. Кепіл мүлік болмаған жағдайда кепіл берушіні (ата-аналарын, туыстарын және т.б.) тартуға болады.

Өтінім беру үшін құжаттарды "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ филиалына тапсыру қажет. Филиалдардың мекенжайы [agrocREDIT.kz](http://agrocREDIT.kz) сайтында көрсетілген.

### Қажетті құжаттар тізімі:

1. жеке басын куәландыратын құжат;
2. жоба бойынша бизнес-жоспар;
3. қызмет көрсететін банктен шоттың бар екенін растайтын анықтамалар;

4. қаржы ұйымдарынан (несие болған кезде) несие берешегінің, оның ішінде мерзімі өткен берешектің болуы туралы анықтамалар;

5. қатысушының/үміткердің жалақысын және (немесе) өзге де табыстарын растайтын құжат (жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірме);

6. кепіл мүлікті бағалау туралы есеп;

7. кепіл беруші және кепілмен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар.

**Шағын несие:**

- тұрғын жылжымайтын мүлікті (оның ішінде малылар үшін уақытша/тұрақты тұрғын үйлерді) сатып алу, салу немесе жөндеу, жер учаскелерін сатып алу (кез келген нысаналы мақсатпен);

- бағалы қағаздарды сатып алу (портфельдік инвестициялар);

- қаруды (оның ішінде қару өндіруге арналған құрамдас бөліктерді), құрамында есірткі бар заттарды немесе азаматтық айналымнан алынған басқа да мүлікті өндіру немесе сатып алу;

- ойын бизнесін ұйымдастыру және (немесе) дамыту;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған террористік және кез келген өзге де қызметке байланысты қызмет;

- моторлы көлік құралдарын шығаруды және өз өндірісіндегі жүзімнен шарап өндіруді қоспағанда, ақцизделетін тауарларды/өнімдерді шығару;

- темекі және/немесе алкоголь өнімдерін сатып алуды көздейтін жобалар;

- кредиторлық берешекті өтеу;

- бизнесті жүргізуге байланысты емес жеке тұтынушылық

- мақсаттардан басқа кез келген мақсатқа беріледі.


Шағын несие беру туралы шешімді әкімдік жанынан құрылған комиссия қабылдайды, оған мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдардың, "Атамекен" кәсіпкерлер палатасының, кәсіпкерлер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. Үміткерлер өздерінің бизнес-жобасын комиссия отырысында таныстырады, комиссия ол бизнес-жобаларды бағалап, неғұрлым болашағы барын таңдайды.

3) Өнім өндірісін ұлғайту/өнімділікті арттыру/өзіндік құнын төмендету сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін әсер және т. б.;

"Бек Агро" АӨК егістік жерлері бар, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге маманданған. "Бек Агро" АШК АӨК саласында жаңа жобалар құру немесе қолданыстағы жобаларды кеңейту жоспарланған.

Жастарды несиелеу бағдарламалары арқылы ауылға жастарды тарту, жастарға жаңа кәсіпкерлік бағыттарды дамытуға үйрету

4) Саратшының қатысуымен фотосуреттер;



5) *Материалдарын тарату (қажет болған жағдайда).*

"Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау: бағыттары мен әдістері", "Агроөнеркәсіп кешеніндегі несиелеу: жай күйі, проблемалары, шешу жолдары" презентациялары таратылды